

FTAХР 14.29.01

Ж.А.Масалиева¹¹Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті
(Шымкент, Қазақстан)**ИНКЛЮЗИВТІ БІЛІМ БЕРУДЕГІ ҚАЗАҚСТАНДЫҚ
ТӘЖІРИБЕ****Аннотация**

Мақалада шетелдік нәтижелерді сараптау негізінде Қазақстандағы инклюзивті білім беруді ендіру тәжірибесі қарастырылады. Шетелде қалыптасқан теориялық, әдістемелік тәжірибе Қазақстанда да басшылыққа алынуда. Әйтсе де, мақала авторлары инклюзивті білім беру негіздерін ендіруде әр елдің өзіндік ерекшелігі болатындығын тілге тиек етеді. Мәселен, халықтың менталитетін, ұлттың әлеуметтік және мәдени жағдайына байланысты өзге елдің нормативті-құқықтық базасын көшіріп алуға болмайтындығы белгілі.

Жұмысымызда З.А. Мовкебаева, Р. Сулейменова және өзге де ғалымдардың еңбектерін басшылыққа ала отырып, Қазақстандағы инклюзивті білім беру, ерекше қажеттіліктері бар балаларды жалпы білім беру үдерісіне енгізуге қатысты қоғамда қалыптасқан көзқарас пен іс-шаралар жайында сөз болады.

Түйінді сөздер: инклюзивті білім, инклюзияның қазақстандық үлгісі, жеке тұлғаны әлеуметтендіру мәселелері, инклюзивті білім берудің нормативті-құқықтық базасы.

Ж.А.Масалиева¹¹Южно-Казахстанский государственный педагогический университет
(Шымкент, Казахстан)**КАЗАХСТАНСКИЙ ОПЫТ ИНКЛЮЗИВНОГО
ОБРАЗОВАНИЯ****Аннотация**

В статье рассматривается опыт внедрения инклюзивного образования в Казахстане на основе анализа зарубежных результатов. Теоретическая, методическая практика, сформировавшаяся за рубежом, имеет место и в Казахстане. Тем не менее, авторы статьи подчеркивают, нельзя копировать нормативно-правовую базу других стран без соотношения с менталитетом, социально-культурным уровнем развития народа. Нельзя копировать нормативно-правовую базу других стран.

Руководствуясь трудами З.А. Мовкебаевой, Р. Сулейменова и других ученых, автор статьи определяет существующие подходы к внедрению инклюзивного образования в Казахстане.

Ключевые слова: инклюзивное образование, модель инклюзии, проблемы социализация личности, нормативно-правовая база инклюзивного образования.

Zh. A. Masalieva¹¹South Kazakhstan state pedagogical University
(Shymkent, Kazakhstan)**KAZAKHSTAN'S EXPERIENCE OF INCLUSIVE EDUCATION**

Annotation

The article considers the experience of implementing inclusive education in Kazakhstan based on the analysis of foreign results. Theoretical and methodological practice, which has been formed abroad, is also guided in Kazakhstan. However, the authors of the article emphasize that the introduction of the basics of inclusive education is a peculiar feature of each country. For example, it is known that due to the mentality of the population, the social and cultural situation of the nation, it is impossible to copy the legal framework of other countries.

In our work, guided by the works of Z. A. Movkebayeva, R. Suleimenov and other scientists, we are talking about approaches and measures that are taking shape in society, concerning inclusive education in Kazakhstan, the introduction of children with special needs in the educational process.

Keywords: *inclusive education, model of inclusion, socialization of the individual, legal framework for inclusive education.*

Кіріспе. Қоғамдық құбылыстардың аясындағы білім беру ең бір көп қырлы мәселелердің бірі болып табылады. Бұл саланың дамуын, келешегін зерттеу инклюзивтік білім беру аясының туындау, қалыптасу және жетілуіне дайындықты қалыптастыру жолын ретроспективтік-тарихи талдаудың қажеттілігін білдіреді.

Ол балалардың дене, психикалық, зияткерлік, мәдени-этникалық, тілдік және басқа да ерекшеліктеріне қарамастан, сапалы білім беру ортасына айрықша білім алу қажеттіліктері бар балаларды қосуды, барлық кедергілерді жоюды, олардың сапалы білім алуы үшін және олардың әлеуметтік бейімделуін, социумге кірігуін көздейді.

Зерттеу әдістері. Барлық өркениетті әлемдегі қоғам жалпы адамзаттық моральға және әлеуметтік әділеттіліктің талаптарына сәйкес – білім беруде ерекше қажеттіліктері бар балаларды кемсітушілікке жол берілмеуі керек деген ұғымға келді. Қазақстан Республикасы БҰҰ-ның адам құқығы аясындағы конвенцияларын, декларациялары мен ұғымдарын басшылыққа ала отырып, барлық балалардың, оның ішінде денсаулық жағдайына (психофизикалық бұзылыстар, АҚТҚ және ЖҚТБ жұқпалы аурулы балалар және т.б.); қоғамда әлеуметтік бейімделу мәселелері бар (жетім, әумесерлік тәртіп), әлеуметтік-экономикалық немесе әлеуметтік-психологиялық мәртебесі төмен жанұяның жағдайына (нашар отбасыдан, қашқындар, оралмандар, азшылық ұлттардың балалары) байланысты білім алуда ерекше қажеттіліктері бар балаларға сапалы білім беруге міндеттеме алады.

Тақырып бойынша әдебиеттерге шолу. Зерттеу жұмысымызда З.А. Мовкебаева, Р. Сүлейменова және өзге де ғалымдардың еңбектерін басшылыққа ала отырып Қазақстандағы инклюзивті білім беру, ерекше қажеттіліктері бар балаларды жалпы білім беру үдерісіне енгізуге қатысты қоғамда қалыптасқан көзқарас пен іс-шаралар қарастырылды.

Зерттеу нәтижесі. Бүгінгі таңда еліміздегі мемлекеттік саясаттың маңызды басымдықтарының бірі білім беру жүйесінің дамуы бо-

лып табылады. Білім беру саласындағы мемлекеттік саясаттың негізгі принциптеріне сапалы білім алуға барлығының құқықтарының теңдігі, әр адамның интеллектуалды дамуын, психофизиологиялық және жеке-дара ерекшеліктерін ескере отырып, халықтың барлық деңгейі үшін білімге қолжетімділігі жатады [1, 1 б.].

Сапалы білімнің барлығы үшін қолжетімді болу шартын қалыптастыруға бағытталған білім беру жүйесін түрлендіру процестерінің бірі жеке тұлғаны әлеуметтендіру мәселесі. Әлеуметтену – қоғамның толыққанды мүшесі болуы үшін қажет, адам баласымен әлеуметтік тәжірибенің меңгерілуі мен жаңғыртылуы. Әлеуметтендірілуге индивидтің жеке тұлға болып қалыптасып, білім, норма, бағалы құндылықтарды меңгеру құралы болып табылатын, түрлі әлеуметтік-феноменологиялық процесстер енеді. Баланың туылғанынан бастап, оның әлеуметтенген әлемге енуі оның әлеуметтенуін, әлемді түрлендіруші ретінде емес, керісінше, сол түрленуші ортаның дамытушысы болып табылатынын білдіреді. Жеке тұлғаны әлеуметтендіру мәселесі қазіргі таңда инклюзивті білім педагогикасының негізінде қолдау тауып отыр.

Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2016-2019 жылдарға арналған Мемлекеттік бағдарламасында көрсетілген орта білім берудің инфрақұрылымдық дамуын қамтамасыз ететін міндеттердің бірі ерекше білім беру қажеттілігі бар балаларды инклюзивті ортада қолдау, ал орта білім берудің мазмұнын жаңарту аясындағы міндеттердің бірі білім беру ұйымдарын өлшемшартпен бағалау жүйесіне көшуді жүзеге асыру деп көрсетілген [2, 3 б.]. Бұл, өз кезегінде, инклюзивті білім берудің дамуын теориялық және әдістемелік жағынан жетілдіруді қажет етеді.

Бүкіл әлем инклюзивтік білім беру идеясы мен тәжірибесіне назар аударуда. «В последно време се налага идеята, че интегрираното обучение на децата със специални образователни потребности е тяхно човешко право, което гарантира равнопоставеността и равните им шансове с останалите членове на обществото» [3, 7 б.].

Әйтсе де, қоғамда мүмкіншілігі шектеулі балаларды жалпы білім беретін ортаға қосу мәселесіне қатысты пікір алалығы орын алып отырғандығы да жасырын емес. Күдік пен үміт қатар бой көтеруде. Білім беру жүйесі барлық санаттағы азаматтарды тиімді білім берумен қамтамасыз етуге байланысты әртүрлі мәселелерге кездесуде. Барлығына арналған білім беру үшін мүмкіндіктерді демократияландыру жолында алға жылжу қажеттілігі қоғамды ізгілендіруге бағытталған ұлттық стратегия мен саясатты қалыптастыру мақсатындағы инклюзия үдерісіне негізделеді.

XXI ғасырдың алғашқы он жылдығында Қазақстан экономикалық өсімділігімен танылды. Әрбір мемлекетте дамуында ауытқуы бар

балаларды әлеуметтік біріктірудің өзіндік тәжірибесі бар, ол тұрғындардың ұлттық менталитетін және әлеуметтік мәдени ерекшелігін ескереді. Алайда өзге елдің тәжірибесін нормативті-құқықтық база ретінде көшіріп алуға болмайды. Дәл осы қазақстандағы түрлі ұйымдардың жұмыстарының ерекшелігіне және түрлі модельдер мен интеграцияның формаларын қамтитын ұйымдастырушылық-құқықтық формаларына жатады. Қоғамдық және ата-аналар ұйымдарына оңалту және әлеуметтік мекемелерге дамуында ауытқуы бар балаларды тәрбиелейтін және біріктіріп оқытумен тәрбиелеудің жолын таңдайтын жанұяға өз модельдерін апробациялау және құрастыру қажеттілігі туындады. Мемлекет әрбір балаға оның ұлтына, дініне, денсаулығына қарамастан тегін жалпы білім беруге кепіл берді. Республикамызда тарихи қысқа уақыт ішінде мүмкіншілігі шектеулі балаларды оқытудың жабық «медициналық моделінен» ашық модельге көшу үдерісі байқалады. Біріктіріп оқыту кең қанат жая бастады.

Қазақстандағы инклюзивті білім беруді дамытудың маңызды кезеңі қазіргі кезеңдегі инклюзивті білім беруге жататын адамдардың санатын кеңейтілуі, оларды сапалы білім беру қызметтерімен қамтамасыз ету қажеттілігі болып табылады. Әртүрлі санаттағы балаларды инклюзивті білім процесіне енгізу нормативті-құқықтық базаны жетілдіреді, білім беру мекемелерінде осы жұмыстарды жүйелеу талап етіледі және осы санаттағы балалардың білім беру қажеттіліктерін зерделейді.

Талдау нәтижелері шет елдердегі инклюзивтік білім берудің даму тенденциясы туралы ғылыми түсінікті кеңейтуге, инклюзивтік білім берудің теориясы мен әдіснамасын байытуға, инклюзивтік білім берудің батыстық өнімді тәжірибесін қазақстандық шындық жағдайында пайдалануға мүмкіндік береді. Сонымен бірге шет елдік тәжірибелер отандық жағдаяттық шындықты және Қазақстандағы білім беру жүйесінің даму ерекшеліктерін есепке ала отырып пайдаланылуға бағытталуда.

Қазақстан Республикасында білім берудің бұл түрі негізінен 1990 жылдары тарала бастады, әсіресе мүмкіншілігі шектеулі балаларды жалпыға білім беру үдерісіне енгізудің мемлекеттік жүйесін жасау бойынша ғылыми-зерттеу жұмыстарын ұйымдастырған түрлі халықаралық ұйымдардың қолдауымен, профессор Р.А. Сүлейменованың бастамасы бой көтерді. Ғалымның берген анықтамасы бойынша, «инклюзивті білім беру – балаларды бөліп қарастыру кедергілерін жоюға бағытталған, барлық балаларды жалпыға білім беру процесіне қосу мен оларды әлеуметтік бейімдеуде жасына, жынысына, этникалық, діни қатынасына, даму кемшіліктеріне немесе экономикалық статусына қарамастан, отбасының белсенді қатысуымен, балаға түзету-педагогикалық және нақты әлеуметтік қолдау көрсету арқылы,

адекватты білім беру жағдайларын жасауда, балалардың білім алу қажеттіліктері мен жеке ерекшеліктеріне баланы емес, органы бейімдеуге бағытталған мемлекеттің саясаты»[4, 8 б.].

2000 жылдан бастап Қазақстан Республикасында мүмкіндігі шектеулі балаларға қатысты жаңа білім беру саясаты қалыптаса бастады, балаларды әлеуметтендірудің, тәрбиелеудің, оқытудың, әлеуметтік қолдау көрсету мен бейімдеудің тиімді жолдары белсенді түрде қарастырылуда. Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрінің 2015 жылғы 1 маусымдағы № 348 бұйрығымен бекітілген «Қазақстан Республикасында инклюзивті білім беруді дамытудың тұжырымдамалық тәсілдерінде» Инклюзивті білім беруді дамытудың тұжырымдамалық тәсілдерінің стратегиялық бағыттары, іске асырудың тетіктері, күтілетін нәтижелер және іске асыру кезеңдері жан-жақты баяндалған [5]. Оқыту үдерісіне дайындық, әдістемелік қолдау және ұйымдастыру тетігі де анықталған.

З.А. Мовкебаеваның даму мүмкіндіктері шектеулі балаларды жалпыға білім беру үдерісіне енгізу мәселелеріне қатысты еңбектерінде инклюзивті білім беруді «адам эволюциясы заңдылықты түрде әкеле жатқан қазіргі таңдағы шындық» [6, 2 б.] ретінде анықтайды. Сондықтан да ерекше оқытуды қажет ететін балалардың жалпы білім беруге кіріктілу үдерісіне тосырқай қарауға болмайды. Инклюзивті білім беру – мемлекеттік саясат. Мүмкіншіліктері шектеулі балаларды жалпыға білім беру үдерісіне енгізудің өзекті мәселелерін анықтау осы шаралардың нәтижесі болып табылады. Арнайы білім беру саласына, балаларды дендері сау қатарларының білім алу ортасына кіріктіру бойынша, инновациялық үдерістер кеңінен енгізіле бастады. Мүмкіндіктері шектеулі балаларды әлеуметтік бейімдеу және қоғамға кіріктіру үшін тиімді жағдайлар жасаудағы инновациялық бағыттарды үйрену жұмыстары да жетілдіруде. Әрине, қазіргі қоғам білім берудің барлық салаларында баланың шығармашылық қабілеттіліктері дамытатын инновациялық ізденістерді талап етуде. Мұндай ізденістердің негізгі педагогикалық қағидасы – балаға ізгілік тұрғысынан қарау. Оның алғашқы баспалдағы мектепке дейінгі мекемелер екендігі даусыз. сондықтан да біз өзіміздің Қазақстандағы мектепке дейінгі білім жүйесіндегі инновациялық үдеріске арналған мақаламызда инновацияны балабақшадан бастау керек деген тұжырым жасаған болатынбыз [7, 3]. Оқыту мен тәрбиенің бірлігі, баланың танымдық күшін қалыптастыру және шығармашылық икемділігін дамыту, әр баланың қабілеті мен мүмкіндік деңгейіне орай оқыту бағытында жүйелі жұмыс ұйымдастыру қажеттілігі айқындалып отыр.

Қазақстан Республикасының саяси, экономикалық және мәдени өміріндегі маңызды өзгерулер білім беру жүйесінің реформалануы

мен қайта құрылуының қарқынды үдерісіне бастама болады. Оқыту мен тәрбиелеудің дәстүрлі, өктем түрінен гуманистік, тұлғаға бағытталған түріне ауыстыруда, білім беру жүйесінде даму мүмкіншіліктері шектеулі балалардың негізгі құқықтары мен еркіндіктерін сақтауға бағытталған әлеуметтік жағдайлар, оларды қоршаған ортаның түрлі байланыстары мен қарым-қатынастарына және дендері сау қатарларымен біріге әрекет ету үдерісіне енгізу белсенді түрде дами бастады. Арнайы және инклюзивті білім беру барлық жеке тұлғаның білім алу қажеттіліктерін қанағаттандыруға арналған психологиялық-медициналық-педагогикалық кеңес беру ұсынымдарын ескере отырып әзірленген арнайы және жалпы білім беретін оқу бағдарламалар арқылы жүзеге асырылады. Мүмкіншіліктері шектеулі балалар дәстүрлі білім беру жүйесінде арнайы (түзету) білім беру мекемелерінде, үйде немесе арнайы мектеп-интернаттарда білім алды. Елімізде арнайы білім беру ұйымдарының (арнайы түзету) мектептері мен мектепке дейінгі ұйымдары, оңалту орталықтары, психологиялық-педагогикалық түзету кабинеттері және басқалар) желісі қалыптасқанына қарамастан, республикада соңғы онжылдықта объективті және субъективті себептермен қоғамның мүмкіншіліктері шектеулі тұлғаларға қарым-қатынасы мейлінше өзгерді. Психофизикалық бұзылулар адамның сезуге, уайымдауға, әлеуметтік тәжірибені меңгеруге қабілеттілігін жоққа шығара алмайтындығы мейлінше терең мойындалады.

Әр баланың даму үшін білім алуға деген жеке қажеттілігі мен қабілетін ескеретін қолайлы жағдай жасау қажеттілігі түсіністік тапты. Келесі ұстаным қалыптасады: әр балаға ол бойындағы кемшілікке байланысты нені атқара алмайды деген тұрғыдан емес, ол бойындағы кемшілікке қарамастан не істей алады деген тұрғыдан қарау. Мұндай оқыту процесі балаға отбасынан, үйінен, туыстары мен жақындарынан, достарынан ажырамай білім алуға, қоғамға қосылып әлеуметтену мәселелерін нәтижелі шешуге көмек береді. Есейе келе, балалар өзіндік ерекшеліктерін қабылдап, басқа адамдардың ерекшеліктерін ескеруге үйренеді. Инклюзивті білім беру барлық балаларға толық мөлшерде балабақша, мектеп, институт ұжымының өміріне, баршаға тең құқылы деңгейде ұжым мен қоғамның іс-әрекетіне қатысуға мүмкіндік береді.

Инклюзивтік білім беру саясатының негізгі мазмұны барлық бала оқи алады деп мойындаумен тұжырымдалады. «Білім туралы» ҚР Заңының 3-бабының 1, 2-тармақтарына сай «білім беру саласындағы мемлекеттік саясаттың негізгі қағидаттарына баршаның сапалы білім алуға құқықтарының теңдігі, әрбір адамның зияткерлік дамуы, психикалық-физиологиялық және жеке ерекшеліктері ескеріле отырып, халықтың барлық деңгейдегі білімге қолжетімділігі жатады» [1, 3].

Білім беру мекемелері балалардың айырмашылықтарына қарамай, барлық балаларды қабылдайды және олардың оқудағы ерекше қажеттіліктерін қанағаттандыруға арналған қажетті талаптарды құрады. Инклюзивтік білім беруді ендіру барлық адамдарға әлеуметтік оңалтуға және әлеуметтік теңдікке қол жеткізуіне, қоғамдағы кемсітушілік пен шеттету мәселелерін жеңуге көмектесуге тиісті. Әр адамның тұлғалық қасиетін бірегей және қайталанбас құндылық ретінде қабылдауды бейнелейтін педагогикалық жаңа ойлау барған сайын орныға бастайды.

Бір жағынан, педагогиканың өткен тарихи кезеңдері туралы білімсіз мүмкіншіліктері шектеулі балаларды оқыту мен тәрбиелеу тарихын түсіну және түсіндіру мүмкін емес. Бір жағынан, білім беру жүйесін дамыту тарихы бойындағы жинақталған тәжірибені есепке ала отырып, білім беру жүйесінің даму келешегін негіздей отырып қоғамның заманауи талаптарын қанағаттандыруымыз қажет.

Қорытынды. Қоғам біртіндеп адамзаттың парызы – әрбір адамның дамуы үшін жағдайлар жасау деген ойға келе бастайды, оның негізгісі, өзінің барлық мүшелеріне өмірден өзінің орнын табуға және қоғамның толыққанды мүшесі болуға мүмкіндік беретін, сапалы білім беру болып табылады. Еліміздегі сапалық жағынан жаңа білім беру жүйесін жалпы және инклюзивті бағытта құру әлеуметтік-экономикалық жағдайдың өзгеруімен байланысты қабылдаймыз. Бұл қоғам мен мемлекеттің мүмкіншіліктері шектеулі балаларға қарым-қатынастарын өзгертуге алып келді, бұл олардың қалыпты дамып келе жатқан қатарларымен тең жағдайда білім алу құқықтарын қамтамасыз етуге сайып келеді. Сонымен қазіргі таңдағы білім беру жүйесі мүмкіншілігі шектеулі адамдарды шешімін табуы тиіс мәселе деп қарастырмай, білім алушылардың түрлілігін жағымды қабылдап, индивидуалды ерекшеліктерді барлығы білім алу процесін кеңейту мүмкіндігі ретінде бағалаймыз.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. ҚР «Білім туралы» Заңы. – Астана, 2007. (15 сәуір 2016 жылы өзгертулер мен толықтырулар енгізілген).
2. Қазақстан Республикасында білімді және ғылымды дамытудың 2016-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы. – Астана, 2016.
3. Сүлейменова Р.А. Система ранней коррекционной помощи детям с ограниченными возможностями в Казахстане: проблемы создания и развития. – Алматы, 2000. – 184 с.
4. Шошева В., Дерижан И., Бенкова К., Динчийска С. Интегриране на деца със специални образователни потребности в условията на детска градина. Учебно помагало за детски учители. – София, 2013. – 113 с.
5. Қазақстан Республикасында инклюзивті білім беруді дамытудың тұжырымдамалық тәсілдері. – Астана: Ы.Алтынсарин ағындағы Ұлттық білім академиясы,

2015. – 13 б.

6. Мовкебаева З.А., Оралканова И.А., Бейсенова А. Инклюзивті білім беруді кіріктіруге педагогтарды дайындау бойынша әдістемелік ұсыныстар. – Алматы, 2016. – 175 б.

7. Даркулова К.Н., Масалиева Ж.А. Инновации в дошкольном образовании Казахстана. Альманах современной науки и образования, № 3 (105) 2016 43. – Тамбов. – С.45-55.

References:

1. QR «Bilim turaly» Zany. – Astana, 2007. (15 sauir 2016 zhyly ozgertuler men tolyqtyrular engizilgen). (In Kazakh.).

2. Qazaqstan Respublikasynda bilimdi zhane gylymdy damytudyn 2016-2020 zhyldarga amalghan memlekettik bagdarlamasy. – Astana, 2016. (In Kazakh.).

3. Sulejmenova R.A. Sistema rannej korrekcionnoj pomoshhi detjam s ogranichennymi vozmozhnostjami v Kazahstane: problemy sozdaniija i razvitija. – Almaty, 2000. – 184 s. (In Russ.).

4. Shosheva V., Derizhan I., Benkova K., Dinchijska S. Integrirane na decas#sspecialniobrazovatelni potrebnosti v uslovijata na detska gradina. – Uchebno pomagalo za detski uchiteli. – Sofija, 2013. – 113 s. (In Bolg.).

5. Qazaqstan Respublikasynda inkljuzivti bilim berudi damytudyn tuzhyrymdamalyq tasilderi. – Astana: Y.Altynsarin atyndaqy Ul'tyq bilim akademijasy, 2015. – 13 b. (In Kazakh.).

6. Movelbaeva Z.A., Oralkanova I.A., Bejsenova A. Inkljuzivti bilim berudi kiriktiruge pedagogtardy dajyndau bojnynsha adistemelik usynystar. – Almaty, 2016. – 175 b. (In Kazakh.).

7. Darkulova K.N., Masaliev Zh.A. Innovacii v doshkol'nom obrazovanii Kazahstana. Al'manah sovremennoj nauki i obrazovanija, № 3 (105) 2016. – Tambov. – S.45-55. (In Russ.).